

## **Сонuç**

1929'da Stalin, güvenilmeyen kişileri parti saflarından kovma ve toplumu karşı-devrimcilerden temizleme görevini üstlendi. Stalin'in emrine göre, Prof. Ahmet Baytursunoğlu da sosyalist sisteme muhalif olduğu gerekçesiyle tutuklandı.

Evet, Ahmet Baytursunoğlu Stalin tarafından tutuklandıktan sonra yaratıcı mirasının kullanımı yasaklandı. Bilimsel konsepti, teorik mantığı, sanatsal ve edebi eserlerin analiz özelliği uzun süre kullanım dışı kaldı.

Ahmet Baytursunoğlu'nun adı ancak Sovyetler Birliği'nin dağılmasından sonra yeniden canlandırıldı. Kazakistan Cumhuriyeti'nin bağımsızlığının ilanından sonra milli öğretmen Ahmet Baytursunoğlu 'nun yaratıcı mirası edebi ve bilimsel hayatımıza geri döndü.

Özetlemek gerekirse, öncelikle Prof. Ahmet Baytursunoğlu'nun Kazak edebi çalışmaları biliminde kurgu türünün tanımını yazdığı, terminolojik anlamını açıkladığı ve her kavrama Kazakça isimler verdiği doğrudur. İkincisi, bu monografî, Orta Asya'da edebi çalışmalar alanında yazılmış ilk bilimsel eserdir. Üçüncüsü, bilim adamı ve teorisyen Ahmet Baytursunoğlu'nun «Edebiyet Tanıtıkış» (Edebiyat Teorisi)" monografisi, dünya edebiyat çalışmaları bilimine eklenen bir hazinedir.

## **КАЙНАҚÇA**

Baytursunoglu Ahmet, Edebiyet Tanıtıkış, Almatı, 2007.

Galiev Vill, Verny'deki Türk Kütüphanesi, Kazak Milli Kütüphane Yayınları, Almatı, 2001.

Kamzabekoğlu Dihan, Türkistan alkasy, Nursultan, 2021.

Toktarbay Yeldos. Jarık saule, Almatı, 2019.

## **ТАТАР ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ**

*Жалмаханов Ш.Ш.*

*фил.ғ.д., профессоры*

*қазақ тіл білімі кафедрасы,*

*Әбжәмиева Ж.М*

*I курс магистранты*

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ*

*Қарағанды қ. Қазақстан*

Татар тілінің Ресейде ресми зерттелуі XVIII ғасырдың ортасына жатады. Татар тілі XVII- XVIII ғғ. және XIX ғасырдың I жартысында 1) ел ішінде де, ел сыртында да екінші мемлекеттік тіл қызметін атқарды, 2) сондықтан шенеуніктер татар тілін игеруге мәжбүр болды, 3) татар тілін білетін мамандар дайындау қажеттілігі әрі қарай христианизациялау саясатының жалғасы болды, 4) осы мақсатта XVIII ғасырдың ортасынан бастап түрлі мектептерде, гимназияларда, семинарияларда, кейінірек университеттерде татар тілі оқытыла бастады. Орыс тілді оқушыларға татар тілін оқыту мақсатындағы көптеген грамматикалар, өздігінен оқып-үйрену оқулықтары, сөздіктер басылып шықты. Алғашқы оқулықтар орыс грамматикасы үлгілерінде құрастырылды (еуропалық, жекелей айтқанда, латын және грек грамматикаларының көптеген жетістіктері алынған, әсіресе М.В.Ломоносовтың «Российская грамматикасы»). Қазан университетінің ашылуы, онда Қазан лингвистикалық мектебінің құрылуы, татар тілінің грамматикалық құрылысының ғылыми сипатта жазылды.

XIX ғасырдың соңында татарлардың ұлттық санасының өсуіне байланысты татар тілі мектептер мен медреселерде оқытыла бастады. Олардың практикалық мақсаты жазбаша және ауызша сөйлеудің ережелеріне оқыту, ол оқулықтар жазу барысында араб тілі грамматикасы үлгісінде жазылған болатын.

XX ғасырдың 10-20-жылдарында татар грамматикасын құрастыруда өзіндік бағыт қалыптасты.

Зерттеуші И.Ф.Мифтахованың «Развитие грамматической теории в татарском языкознании. Самостоятельные части речи (по татарским грамматикам XIX-начало XX вв.)» (АКД, Казань, 1998) деген диссертациясында татар грамматикасының зерттелу тарихын 4 топқа бөледі. I топқа XIX-XX ғғ. 10-жылдары аралығында орыс тілінде құрастырылған орыс тілді оқушыларға арналған грамматикалар жатады (18 еңбек). II топқа XIX- ғасырдың аяғы-XX-ғасырдың 10-жылдары аралығындағы татарларға арналған татар тіліндегі грамматикалар жатады (11 еңбек). III топқа XX ғасырдың 10-20-жылдарындағы грамматикалар (20 еңбек). Көбі татар тілінде жазылды. Бірнеше татар тілі грамматикаларында араб грамматикасының әсері сақталды. IV топқа XX ғасырдың 30-жылдары татар тілі грамматикалары татар және орыс тілдерінде жазылды (9 еңбек) [1].

Татар грамматикасының бірінші тобына XIX ғасыр мен XX ғасырдың 10-жылдарындағы орыс тілді оқушыларға арналған орыс тіліндегі грамматикалар жатады. Олардың көбі орыс грамматикасының үлгісімен жазылған. Екінші тобына XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың 10-жылдарындағы татарларға арналған татар тіліндегі грамматикалар жатады. Олар негізінен араб грамматикасының үлгісімен жазылған. Үшінші тобына XX ғасырдың 10-20-жылдарында жарық көрген дені татар тілінде жазылған грамматикалар жатады. Олар татар тілінің кейбір құбылыстарын негізгі материалдар негізінде баяндалуымен ерекшеленеді. Олардың алғашқы бөлігінде араб грамматикасының әсері сақталады, ол әсерлер терминологиядан, етістіктерді сипаттау жүйесінен байқалады. Келе-келе бұл әсерлер әлсірейді. Төртінші тобына XX ғасырдың 30-жылдарында татар тілін ана тілі ретінде және орыс тілді орыс тұрғындарына арналып жарық көрген татар тілінің практикалық грамматикалары жатады. Олар татар тілінің кейбір құбылыстарының біртіндеп сол кезеңдегі орыс грамматикасының қағидалары негізінде баяндалуымен ерекшеленеді. Ол әсерлер татар грамматикасының құрылымынан, сөздерді сөз таптарына жіктеу ережелерінен, грамматикалық категориялардың және т.б. анықтамалардан байқалады. Бұл топқа төмендегі еңбектер кіреді:

*Татар тіліндегі грамматикаларда сөз таптарының зерттелуі, анықтамасы және жіктелуі*

Татар грамматикасында арабша «сарыф» деп аталатын «морфология» терминін татар тіл білімінде алғаш рет З.Валиди 1919 жылы қолданды. Оған морфология сөздің жасалуы, құрылымы мен өзгеруін зерттейтін ғылым саласы деген анықтама берді. З.Валиди морфологияның басты бір міндеті сөздерді сөз таптарына бөлу екенін нақтылады.

Татар грамматикасы жайлы еңбектерде сөздерді сөз таптарына жіктеуде бір ізділік жоқ. Мәселен, XIX ғасырдың басында татар тіліндегі сөздерді орыс грамматикаларындағыдай есімдер (зат есім, сын есім, сан есім), есімдік, етістік, есімше, үстеу, союз, предлог және одағай деп 8-ге бөлді (Гиганов, 1801; Хальфин, 1809; Троянский, 1814), XIX ғасырдың ортасы мен II жартысында есімдерге зат есім, сын есімдерді кіргізіп 9-ға және сан есімді есімдерден жеке бөліп алып 10 түрге бөлетін болды (Казембек, 1839; Махмудов, 1857; Насыри, 1860; Файзханов, 1862).

XIX ғ.– XX ғ. басында сөз таптарын жіктеуде араб грамматистерінің әсерімен 3 есім сөз таптары (зат есім, сын есім, сан есім), есімдік, етістік және көмекші сөздер болып 4-ке бөлінді (Грамматика алтайского языка, 1869; Насыри, 1875; Сарыф терки, 1898; Мехэммадрахим, 1905) немесе зат есім, сын есім (сан есім), есімдік, етістік және көмекші сөздер деп 5-ке (Фаизханов, 1887; Начиз, 1900; Мәккэи, 1907) бөлді.

XX ғасырдың 10-жылдарындағы грамматистер негізінен 9 сөз табын көрсетеді, көмекші сөздер грамматикаларда ерекшеленеді. (Иманаев, 1910; Нугайбек, 191; Валиди, 1915; Корбанғалиев, 1918; Алпаров, 1926).

Ғалымдар сөздерді сөз таптарына жіктеуде түрлі қағидаларды басшылыққа алды. Ол қағидалар: логикалық, таза грамматикалық, семантикалық, лексикалық- семантикалық және т.б.

XX ғасырдың 10-жылдарында сөз таптарының қазіргі терминологиясы қалыптасты, исем, сыйфат, фигыль деген араб терминдері; ал сан (сан исеме) термині арабшасымен қатар қолданылды (Файзханов, 1887; Умбетбаев, 1900; Иманаев 1910); сан есімді «сан» деп алғаш Г.Сагди (1913) атады; «алмашлық» дегеннің «алмаш» нұсқасын Г.Ибрагимов (1913) алғаш рет «Ана теле сарыфында» қолданды (Корбанғалиев, 1918); үстеуді «рэвеш» деп алғаш атаған Г. Алпаров, (1926).

XX ғасырдың 30-жылдарында сөз таптарының саны мен аты сол кезеңдегі орыс грамматикасынан алынып, тұрақтала бастады. Олар лексикалық-грамматикалық, морфологиялық және синтаксистік қағидалар негізінде 8 түрге бөлінді (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, көмекші сөздер, одағай) (Курбанғалиев, Газизов, 1931; Грамматикадан эш китабы, 1931).

Көмекші сөздер 40-жылдары послелог, союз және частицаға жіктелді (Рамазанов, Хисматуллин, 1940).

Еліктеуіш сөздер үстеудің бір көрінісі ретінде сипатталды. Дегенмен де еліктеу сөздердің жеке топқа бөлінуі грамматика тарихында кездеседі (Чыгытай, 1918).

Түйіндей айтқанда, сөздерді сөз таптарына топтастыруда татар грамматикасында XX ғасырдың 30-жылдарына дейін бірізділік болған жоқ.

XIX ғасырдағы орыс тіліндегі татар грамматикасында зат есім адамды немесе затты атайтын сөздер деген анықтама беріледі.

XIX ғасырдағы орыс тіліндегі татар грамматикасында зат есім адамды және затты атайтын сөздер деген анықтама берілді. Зат есімнің семантикалық түрлері: 1) жалқы, 2) жалпы, 3) жинақтық; 1) деректі, 2) дерексіз деп бөлінді.

Ал XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың 10-жылдарында татар тіліндегі грамматикалар логикалық (бір нәрсенің атын белгілейтін сөздер) немесе логикалық-семантикалық (сыртқы сезім мүшелерімен танылатын немесе санадағы заттарды белгілейтін сөздер) қағидалар тұрғысында түсіндірілді (Файзханов, 1887; Корбанғалиев, 1918).

XX ғасырдың 30-жылдарында зат есімдер нәрселерді атайды деген орыс тілі оқулықтарынан енген анықтама бекітілді.

Барлық кезеңдегі грамматикаларда зат есімнің: жалқы есім, жалпы есім, жинақтық есім деген семантикалық түрлеріне жіктелсе, XIX ғасырдың соңынан зат есімді деректі (конкретті) және дерексіз (абстрактілі) деп бөлу пайда болды.

Сан және септік категориялары қарастырылып, араб және орыс тілдеріне тән тек (род) категориясының татар тілінде жоқ екендігі анықталды.

*Септік жүйесін зерттеудің тарихы.* Орыс грамматикасынан көзсіз көшіре салынған 7 септіктік жүйе татар тілінің грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып екшеле бастады: шақыру (звательный) септігі, орыс тілінің творительный, предложный септіктерінің мағыналарын білдіретін белев (с) және турында (о) деген көмекші сөздермен келетін конструкциялар алынып тасталды; септік жалғау қатарына -дан, - а аффикстері қосылды.

Татар тілінде құрамырылған алғашқы грамматикаларда септік жеке жеке категория ретінде ерекшеленетіп бөлінбейді, септіктердің өздері емес, тек қана септіктің аффикстері ерекше терминмен (игъраб) аталған.

Кейінірек септік категориясына сөздер арасындағы зат есімнің қалып- күйі (исемнернец, хеллэре) деген анықтама берілді (Мухаммедрахим, 1905; Кебутери, 1910). Грамматикаларда септік категориясының мән-маңызын айқындауда нақтылық болмады, сондықтан да септік формаларының саны 8-ге (Фейзханов, 1887; Алпаров; 1926); 9-ға (Мухаммедрахим, 1905; Кебутери, 1910) жетті: дәстүрлі 6 септікке белан, ечен көмекші сөздері, III жақтағы тәуелдік жалғаудың аффикс формалары (баласы), -ча, -дай аффикстері қосылды. Ертеректегі грамматикалардағы дәстүрлі емес септік формаларын (III жақтағы тәуелділік формасынан басқасын) кейбір қазіргі заман лингвистері де септік формаларына

жатқызады. Бұл XIX ғ.-XX-дың басындағы тілтанушылардың татар тілінің грамматикалық құрылымының ерекшеліктерін терең түсінгендігін көрсетеді.

XX ғасырдың басындағы жекелеген грамматикаларда (Ибрагимов 1913;; Сағди, 1913;Валиди, 1919) татар тілінде септік категориясы жоққа шығарылды, татар тіліндегі септіктің аффикстері ерекше сөз табына біріктірілді (кушымталар). Қазіргі алты септіктік жүйе XX ғасырдың 30-жылдары біржола тұрақталды, алғаш рет «Грамматика алтайского языка» (1869), кейінірек Ш.Иманаев (1910), Г. Нугайбек (1911) еңбектерінде кездеседі.

1801 жылғы бірінші грамматика авторы Гиганов тәуелдеу категориясын «лицо имен» деп дұрыс анықтағанмен, кейінгі грамматикаларда (А.Воскресенский, 1894; А.Максуди, 1910; және т.б.) тәуелдеу категориясының аффикстері семантикалық ұқсастықтарына байланысты тәуелдеу есімдігіне жатқызылды. (Әрине, түркі тілдерінде тәуелдеу есімдігі жоқ. Ол грамматикалық мағынаны ілік септігінің -ның, -нің; -дың, -дің жалғаулары береді).

Ал Г.Алпаров 1926 жылы тәуелдеу грамматикалық категориясының бар екендігін теориялық тұрғыда дәлелдеп, оны «япсару белен терлэнеш» деп атады. Бұл категория 1931 жылғы «Грамматикадан еш кітабы» деген грамматикада «тартым» терминімен атала бастады.

Тілтанушылар субъективті бағалауда зат есімдердің формаларына, баяндауыштың категориясының аффикстеріне назар аударып, оларды XX ғасырдың басында есімдіктерге жатқызды (Начиз, 1900; Мехеммэдрахим, 1905).

XIX ғ.-XX ғасырдың 10-жылдарындағы грамматикаларда зат есімдердің категориясын пайымдаудың қазіргі теориялық негіздері салынды.

*Зат есімнің* дәстүрлі «исеми» термині, «исме зат» (Насыри, 1875; Мехеммэдрахим, 1905; Умидбаев, 1901), «эйбер аты» ( Нугайбэк, 1911), «нәрсе исеме» (Корбангалиев, 1918), « зат исеме» ( Ахпаров, 1945) деп аталды.

*Септік категориясы* 1918 жылдан (Ана теле сарыфы, 1918) «килеш» деп аталды. Оған дейін араб сөзі «игъраб» (Насыри, 1875), орыс тілінен калькаланған «тешем» сөздері (Умидбаев, 1901; Нугайбэк, 1911; Ибрагимов, 1913; Корбангалиев, 1918) қолданылды. Септік формаларының қазіргі атаулары Г.Алпаровтың грамматикасында (1945) кездеседі. Дегенмен де септік формалары мен сан категориясымен семантикалық топтарының татарша терминдерін XX ғасырдың ең басында кездестіреміз ( Үметбаев, 1901; Нугайбек, 1911; Ибрагимов, 1913; Корбангалиев, 1918).

Орыс тілі оқулықтарының үлгісімен құрастырылған сын есімдерді XIX- ғасырдың грамматикаларында лексикалық-грамматикалық қағида (зат сапасын білдіретін сөздер тобы) (Гиганов, 1801), ал татар тіліндегі оқулықтарда логикалық (Фазеханов Г. 1887; Сарыф терки, 1898), кейін келе семантикалық қағидалар негізіне сүйеніп атайды. Соңғы қағидаға сүйенген авторлар (Ибрагимов, 1915; Нугайбэк, 1911; Вэлиди, 1915) сын есім заттың белгісін ғана емес, белгілі бір нәрсенің хал-күйін, тіпті қимылдың бейнесін білдіреді дей келіп, сын есімге үстеулерді де жатқызды. Кейде сын есімдердің шағын тобына сан есімді де (Файызханов, 1887;), сілтеу есімдіктерін де (Мехеммэдрахим, 1905) кіргізді. XIX ғасырдың өзінде-ақ сын есімнің кейбір синтаксистік сипаттары нақтылана бастады (Махмудов, 1857; Умидбаев, 1901).

XIX ғасырда орыс грамматикасының үлгісімен сын есімнің барлық шырайлары жіктелді, бірақ толық емес шырай (аз билге – малый признак, азсыту сыйфаты) орыс тілінде болмағандықтан, оның формаларын туынды сын есімге (Гиганов, 1801; Грамматика алтайского языка, 1869) немесе жай шырайдың формасына жатқызды ( Иванов, 1842).

Грамматикаларда сын есімнің асырмалы және салыстырмалы шырайларының жасалуының морфологиялық және синтаксистік тәсілдері көптеп көрсетілген. М.Умидбаевтың еңбегінен басқа (1901) XX ғасырдың 10- жылдарына дейін татар тілінде жазылған оқулықтарда *салыстырмалы шырай* ерекше грамматикалық форма санатында

қарастырылмағанымен, оның бірнеше грамматикалық мағына беретін көптеген тәсілдер келтіріледі.

Г.Нугайбек толық емес форманы ( форма неполной степени) «аз билге» (малый признак) деп атайды, бірақ оны жеке шырай түрі ретінде бөлмейді (1911). Ол форманы салыстырмалы шырайдың ерекше түрі ретінде алғаш рет Г.Ибрагимов «азсыту сыйфаты» деген терминмен 1913 жылы бөлді. Сын есімнің шырайлары қазіргі терминологиядағыдай алғаш рет Г.Алпаровтың грамматикасында (1926) кездеседі. Г.Алпаров салыстырмалы шырайды әдейі жеке жіктемей, -рак, -рәк жұрнақтарын түрлі сөз таптарына жалғанатын аффикстер тобына кіргізеді (1926). XX ғасырдың 30-40-жылдарында сын есімнің синтаксистік қызметтері көрсетіледі (Грамматикадан әш кітабы, 1931); сын есімнің 3 шырайы ( бастапқы форма ерекше шырай түрі ретінде қарастырылмағанда) немесе 4 шырай түріне жіктеледі; сын есімнің сапалық және қатыстық топтары ерекшеленеді (Рамазанов, Хисматуллин, 1940). Сын есімнің салыстырмалы және асырмалы шырайларының сипаттама формалары орыс тілінде ертеректе құрастырылған грамматикалардағыдай (Троянский, 1814; Иванов, 1842; Грамматика алтайского языка, 1869) 1910 жылдан кейінгі грамматикаларда қарастырылмады.

Түйіндей келгенде, сын есім семантикалық, морфологиялық формалар және синтаксистік қызметтері аспектісінде XIX ғ. – XX ғасырдың 10-жылдарында жеткілікті түрде сипатталды.

Сан есім XIX ғ.- XX ғасырдың 10-жылдарында лексикалық-грамматикалық қағида бойынша заттардың саны мен ретін білдіретін сөздер ретінде анықтама беріледі. *Татар тілінде жазылған грамматикаларда* сан есім семантикалық қағида бойынша «сандардың аты» ретінде ерекшеленеді де, басқа сөз таптарынан ерекшелігі толық ажыратылмаған (Файзханов, 1887). Сан есімдерге 3 қағида бойынша толық сипаттама беру XX ғасырдың 30-жылдары орнықты (Бәдигов, 1936).

Сан есімнің семантикалық-морфологиялық қағида бойынша жіктелу түрі 2-ден 6-ға дейін барады. М.Ломоносовтың «Российская грамматика» үлгісімен жазылған алғашқы еңбектерде 3 түрі көрсетілген (Гиганов, 1801; Хальфин, 1809; Троянский, 1814). Грамматикаларда болжалдық және жинақтық сан есімдерді сипаттауда да бір ізділік болған жоқ ( Казем-Бек, 1839; Фаезханов, 1887; Насыри, 1875; Мехеммэдрахим, 1909; Нугайбек, 1911; Самойлович, 1916; Курбангалиев, Газизов, 1925). Сонымен қатар -ау формалы сан есім XX ғасырдың ортасынан бастап қана ескеріле бастады. Сын есімнің -лап ( Гиганов, 1801; Казем-Бек, 1839) формасы, М.Иванов -ау, -лап, -лашын формаларын бір түрдің аффикстеріне жатқызады (1842). Г. Ибрагимов -лап формасын алғаш рет «чама санлары» деп атайды (1913). Ал бөлшектік сан есімдер сөз барысында еске алынады немесе жеке топқа бөлінеді (Фаезханов, 1862; Мехеммэдрахим, 1905; Уметбаев, 1901). Г.Нугайбек бөлшектік сан есімдерді алғаш рет есептік сандар қатарына қосса (1911), XX ғасырдың 10- 30-жылдарындағы грамматикалардың көпшілігінде олар жалпы аталмайды, 40-жылдардан есептік сан есімдердің құрамында қарастырылады. Кейбір еңбектерде -лей формалы сөздер сан есімнің ерекше тобы ретінде қарастырылады (Курбагалиев, Газизов, 1931). Дә-мен тіркескен конструкция сан есімнен туындаған зат есім және сын есімдер болып саналады (Фаезханов, 1887; Насыри, 1875). Ал Г.Акпаров -ар, -шар, -ау формалы аффикс жалғанған сөздерді туынды зат есім және сын есім дейді (1945). XX ғасырдағы грамматикаларда сан есімді құрамына қарай жіктеу де кездеседі (Ибрагимов, 1918; Вәлиди, 1919; Бәдигов, 1936).

XX ғасырдың 10-жылына дейін сан есім орыстың немесе арабтың ( исме гадэд, гадэд, хисап) терминдерімен аталып келді. Сан есімнің түрлерін татар тілінің терминдерімен алғаш атау берген Г.Фейзханов: йййу (жыю) саны, булу саны, тәртипле сан, олар М.Умидбаевтың (1901), Г.Нугайбектің (1911) грамматикасында жалғасын тапты.

Сан есім түрлерінің қазіргі технологиясын негізінен Г.Ибрагимов теп сан, чама саны, булем саны деп жасады (1913), «тартип саны» алғаш рет (Қыскача татар сарыфы) (1913) еңбегінен кездестіреміз.

Қорыта айтқанда, XIX-XX ғасырдың 10-жылдарына дейінгі кезеңде сан есімнің шекарасын, олардың семантикалық-морфологиялық түрлерін, терминологияны айқындауда бір ізділік жоқ болғанмен, сын есім түрлерінің барлығы осы кезеңде айқындалды. Сын есімнің қазіргі қағидалары XX ғасырдың 30-40 жылдарында тұрақталды.

*XIX-XX ғасырдың басы аралығында татар грамматикасында етістіктің, оған категориялардың зерттелу барысы*

Етістік XIX ғасырда орыс грамматикасының үлгісімен лексикалық-грамматикалық қағида бойынша қимыл-әрекетті немесе уайымдауды белгілейтін сөз ретінде сипатталады. Орысша жазылған татар грамматикаларында орыс грамматикасындағыдай сан, жақ, рай, шақ, шырай; болымсыздық; көсемше, есімше категориялары бар ерекше сөз табы ретінде қарастырылады. Бірақ тұйық етістік (инфинитив) ескерілмеді. Грамматикалардың көбінде 4 райға: ашық, изъявительное, шартты, бұйрық, белгісіздік ( -мак және -рга формалары) жіктеледі. Бұл категория уақыт өте келе біртіндеп татар тілінің грамматикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, тілеу (желательное) рай (Хальфин, 1809), шартты (сослагательное) (-р және -де формалары) (Насыри, 1860) рай деп атайды. Бұған дейін шартты (сослагательное) рай деп Гиганов (1801), Троянскийлер (1814) -са формалы етістік райын атаған болатын. Алғашқы грамматикаларда бұйрық райдың I жағы жоқ деген түйін жасалды.

*Татар тілінде жазылған алғашқы грамматикалар* араб грамматикасының ықпалында болып, етістік әрекетті немесе жағдайды таңбалайтын сөз деген анықтама берілді (Файзханов, 1887; Макауди, 1910; Кыскача татар сарыфы, 1913). Етістіктің жіктік және жіктік емес жалғаулары өзара ажыратылмастан олар «сыйғалар» деп аталып, етістік формаларының қатарына енді.

Ол грамматикаларда масдарды (қимыл атауларын) сипаттауға ерекше орын беріліп, олардың -мак және -рга инфинитив формаларынан -у, -ыш қимыл атаулары формаларынан (тіпті -ын, -ма қосымшалары арқылы жасалған туынды зат есімдерден) құралатынын баяндады. Бұл ережелер XIX ғасыр грамматикаларында кездеспейді. Масдар негізгі етістік формасы ретінде дербес сөз табы болып ерекшеленді (Кэбугэри, 1910). Етістіктің мақұлдау, жоққа шығару формалары, жекеше, көпше түрлері, жіктік формалары, салт-сабақты етістіктер бар екендігі белгілі болғанмен, XIX ғасырдың аяғы – XX ғ. 10-жылдары кезеңінде етістіктің грамматикалық формалары санатында анықтама берілмейді. XX ғасырдың 10-жылына дейін етістіктің барлық формалары араб терминдерімен ғана аталды: нәфи, мосбэт (мақұлдау және жоққа шығару формалары), мефрэд (жекеше және көпше түрлер), метеквеллим, мохатэб, гаиб ( I, II, III жақтар), фиғыль лязим, фиғыль мэтэгадди (салтжәне сабақты етістіктер), меяфул фиғыль (ырықсыз етіс формасы), омер (бұйрық рай), мазый (өткен шақ) және т.б. Ашық райдың барлық формаларына ортақ термин болмады. Осы кезеңде қолданылған кейбір араб терминдері (фиғыль, шарт фиғыль, хал фиғет, сыйфат фиғыль және т.б.) татар тіл білімінде тұрақтап қалды, көптеген терминдер орыс грамматикасынан калькаланды: зат (бит), хэзерге заман (чак, вакыт), килэчэк заман, уткан заман, кайтым, йеклету (етіс формаларының термині) және т.б. немесе өзгеріссіз сол күйінде алынды, ауысты (рай атаулары).

XIX – XX ғасырдың 10-жылдары грамматикаларының көбінде ашық райдың синтетикалық та, аналитикалық та формаларын құрайтын үш уақыттық формадан да көп екені көрсетіледі. Уақыт ұғымына модальдық мағына немесе қимыл сынын білдіретін перифразалық формалар да, аналитикалық конструкциялар да кірді, демек бұл кезеңде етістіктің шақ категориясы ұғымы қазіргі татар тіл біліміндегіден әлдеқайда кең болды деген сөз. Грамматистер ашық райдың шақ, есімше және көсемше формалары деп көрсеткен формалардың ішінде көне де, диалектік те, немесе басқа түркі тілдеріне тән формалар да кездеседі. Әрине, бұл татар және басқа түркі тілдерінің даму тарихын зерттеуге мол материал болады. XIX ғасырда -ачак, XX ғасырдың 20-30-жылдарында -ган формаларын грамматикаларда есімшенің жіктелу формасы ретінде қарастырды.

Немесе -ган және -ыр етістік- есім формалары (япшгэн белми, гизген беле; барасы яирем бар) ретінде қолданылса, ашық райды сипаттау барысында ғана көрсетіледі (Валиди, 1919).

XIX ғасырдағы грамматикаларда татар тілінің қазіргі етіс жүйесін ерекше етіс ретінде барлық формалары көрсетіледі. Дегенмен де XIX – XX ғасырлардың басындағы тілтанушылар етістің өзіндік сипатын айқын анықтай алмады, сондықтан да етіс категориясының формаларын салт-сабақты, қимылдың болымсыздығы және тәсілдері категорияларымен шатастырды. Етістің мәнін анықтауда қазір де бірізділік жоқ. Оның себебі кейде етіс аффикстері етістіктің түрбір морфемасымен кірігіп кетеді, сонымен қатар етістіктің барлығында толық етіс парадигмасы бола бермейді.

Араб грамматикасының ықпалымен жазған авторлар ырықсыз етісті (ол ауыспалылықты білдіретін тәсіл ретінде айтылады), өздік етісті (негізгі етіске оппозиция ретінде -л және -н формаларынан ерекшелетін, әрекет етушіні анықтау) қарастырған. Ортақ етіс формасын Г.Фейзханов «уртак фигыльлэр» деген терминмен ерекшелеп атаған. Татар грамматикасындағы етістердің қазіргі жүйесі XX ғасырдың 40-жылдары тұрақталды (Рамазанов, Хисматуллин, 1940), толық нұсқасы К. Насырда кездеседі (1975). XIX – XX ғасырдың 10-жылдарында етістерді сипаттау негізінен араб грамматикасынан алынған, орыс грамматикасынан калькаланған терминология қолданылды (гамвл масдар, урта масдар, мебталэ, кайтару, улышу, кэчлэмэк (Уметбаев, 1901 және т.б.). Орыс грамматикасынан калькаланған қазіргі терминология XX ғасырдың 10-жылдарында қалыптасты (Ибрагимов, 1913; Корбангалиев, 1918), 30-40-жылдары тұрақталды (Бэдигов, 1936; Рамазанов, Хисматуллин, 1940).

«Грамматика алтайского языка» атты еңбекте (1869) етістіктерді сипаттауда М.В.Ломоносовтың «Российская грамматикасының» ықпалы жоқ. Бұл еңбекте ертеректегі дәстүрлі грамматикалардағыдай етістіктің райларға жіктелуі де жоқ. Райлар етістіктің формалары ретінде есімше және көсемшелермен қатар аталады. Бұл грамматика етістік формаларына байланысты қолданылатын терминологиясы жағынан да соны және ерекше. Дәл осылай қарастыру, яғни етістік формаларының жіктеу және жіктеу емес (неличная) деп талдауды А.Самойловичтен (1916) кездестіреміз.

XIX – XX ғасырдың I жартысында татар тілінде құрастырылған грамматикалардың көбінде етістікті жіктеу және жіктеу емес формаларына бөлу жоқ. Осылайша ғалымдар татар тілі етістігін сипаттауда орыс грамматикасының жүйесінен біртіндеп алшақтай берді.

XX ғасырдың 10-жылдарынан бастап татар тілінде құрастырылған грамматикаларда етістіктерді сипаттау жүйесі тұрақты бағыт алды. Авторлардың оқу басылымдарында етістіктің сан, жақ, етіс, түрлер ( жіктеу және жіктеу емес формалар), мақұлдау-жоққа шығару категориялары және ертеректегі грамматикаларда ескерілмеген ерекше категория санатына қимылдық тәсілдері – талқылар (Нугайбек, 1911), мәртэбэ (Ибраһимов, 1913) жіктеліп берілді. XX ғасырдың 30-жылдарындағы грамматикаларда қимыл тәсілдерін білдіретін формаларды – «кабатлаулы фигыльлэр» деп атады. XX ғасырдың 10-жылдарында ашық рай мен бұйрық райдың осы шағының формаларының семантикасының кеңдігіне назар аударылды.

XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап, етістік 3 қағида тұрғысынан сипатталады. Етістіктің парадигматикалық және синтагматикалық мағыналарын анықтауға назар ауа бастайды. Сонымен қатар XX ғасырдың 30- жылдарының грамматикаларына қарағанда етістіктің формаларының саны XIX ғ. – XX ғасырдың 10-жылдарынан аз болды: аналитикалық шақтық формалар, көптеген шеткергі және модальді формалар қарастырылмады; қалау райдың синтетикалық шақ формаларының шегі тарылды, яғни -ган және -ачак формалары есімшелердің жіктелу формалары ретінде қарастырылды.

XIX ғ. – XX ғасырдың 10-жылдары аралығында татар тілінің барлық есімше және көптеген көсемше формалары анықталды. Мәселен, -ышлый формасын көсемше ішінде алғаш атаған Г.Ахпаров (1945). Көсемшеге -ганда формасы да көбінесе жатқызылды. Шақ

категориясының есімшеде ғана емес, көсемшеде де бар екендігі көптеген грамматикаларда айтыла бастады. Шақ категориясының көсемшеде болмайтындығын алғаш рет А.Самойлович нақты айтты (1916). З.Валиди көсемше формаларының шақтық мағынасының ерекшелігін: олар сөйлеу сәтіндегі шақты (уақытты) емес, әрекет кезіндегіні білдіреді деді (1919).

Түйіндей келгенде, XIX ғ.–XX ғасырдың 20-жылдарында етістік категориясына қатысты барлық негізгі грамматикалық категориялардың барлығы айқындалды. Қазіргі терминология XX ғасырдың басында қалыптасып, XX ғасырдың 30-40-жылдарында біржолға тұрақталды.

*XIX ғ.–XX ғасыр басында татар грамматикаларында үстеу мен есімдіктің зерттелуі.*

XX ғасырдың 10- жылдарында орыс грамматикасының үлгісімен жазылған еңбектерде есімдік тек зат есім мен сын есімнің орнына қолданылатын сөздер ретінде анықтама беріледі. Алғашқы авторлар М.Ломоносовтағыдай семантикалық қатарларға жіктеді. Мәселен, жіктеу, сілтеу, салыстырмалы, өздік, сұрау, тәуелдеу есімдіктері (Гиганов, 1801; Халфин, 1809). Тәуелдеу есімдігіне орыс тілінің тәуелдеу есімдіктерін, яғни жіктеу есімдіктерінің тәуелдеу септіктерінің аудармасы жатқызылды, бұған грамматистер тәуелдік жалғауларын және -нықы формасын қосты.

Татар тілінің есімдіктер жүйесіне тән емес уз өздік есімдігі анықтауыш есімдігіне (определяющее местоимение) жатқызылып, асырмалы (возносительное) есімдігі, тәуелдеу есімдігі құрамынан жіктеу есімдігінің тәуелдеу септіктері алынып тасталды. Есімдікті анық емес ( Казембек, 1839) және анық (Файзханов, 1862) есімдіктер деген түрлерге бөледі. Есімдіктердің басқа сөз таптарынан ерекшеліктері толық анық болмады. Мысалы, есімдіктер қатарында башка, узге сын есімдері берез және т.б. үстеулер кіріп кеткен.

Татар тілінде жазылған алғашқы грамматикаларда есімдік түрлі заттарды өмеурін жолымен нұсқайтын сөздер деген анықтама берілген (Фэйзханов, 1887). Татар тіліндегі еңбектерде есімдіктің ауқымы орыс тіліндегі еңбектерге қарағанда анағұрлым тар көлемде қарастырылған. Оған дәлел – сұрау, анықтауыш және белгісіздік есімдіктерінің жоқтығы. Терминология арабша есімдіктің классификациясы көбіне араб грамматикасының жүйесімен жасалады.

Есімдіктер (кинаялэр) 3 топқа бөлінеді: 1) замир (жіктеу есімдіктері, тәуелдіктің, баяндауыштың, етістіктің жіктеу аффикстері кіреді), 2) исме ишарэт (сілтеу есімдіктері), 3) исмэ мэусуль (салыстырмалы қос сөздер) (Сарыф терки, 1898; Начиз 1900 және т.б.). Кейін келе есімдіктерге тек белгілі бір адамды нұсқайтын жіктеу есімдіктері мен аффикстерін жатқызады. Бір қызығы, есімдік санатында -гы, -даты арқылы жасалған туынды сын есімдер де қарастырылады, бұл жағдай орысша грамматикада да кездеседі ( Казембек, 1839; Насыри 1860; Самойлович, 1916).

XX ғасырдың 10-жылдарынан бастап қана есімдіктер барлық 3 есім сөз таптарының орнына жүретін сөздер деген анықтама беріле бастады. Есімдер жіктеу, сілтеу, сұрау, анықтауыш және белгісіздік есімдіктер деген түрге бөлінетін болды. Уз өздік есімдігі, есімдіктің тәуелдеу септіктері ерекше топқа жіктелмейтін болды. XIX ғ. – XX ғасыр басындағы грамматикалармен салыстырғанда есімдіктер жүйесі анағұрлым жетіле түсті. Дегенмен де есімдіктің ерекше түрі ретінде салыстырмалы қос сөздерді (Нугайбек, 1911) жатқызу, есімдіктерге тәуелдік жалғауларын жатқызу -нықы аффиксті сөздерді есімдіктің ерекше түріне бөлу, анықтауыш есімдіктерінің құрамына болымсыздық есімдіктерін кіргізу жалғасып жатты. Бұл кезеңде терминологияны татаршалау үдерісі қарқын алды. Мәселен, есімдікті атлық (Ногайбек, 1911), алмаш (Ибрагимов, 1913), исемлек (Сағди, 1913) деп бірнеше терминмен атады. Г.Ибрагимов алғаш қолданған (1913) зат ( для личных), билгелэу (для определятельных) терминдері татар тіл білімінде орнығып қалды.

Есімдік пен оның түрлеріне қатысты «сорау алмашылықтары», «курсету алмашықтары» деген қазіргі терминологияны алғаш рет «Ала теле сарыфы» (Корбанғалиев, 1918) деген грамматикадан кездестіреміз.

XX ғасырдың 10-20-жылдарында есімдіктерді классификациялауда семантикалық және есімдіктерді басқа сөз таптарымен салыстыру қағидаларын біріктіре талдау байқалады. Есімдіктің семантикалық түрлері жүйесінен жеке топ ретінде зат есімнің орнына жүретін ул, бул сілтеу есімдіктері, сын есімнің орнына жүретін андый, шундый, үстеудің орнына жүретін алай, шулай деген мысалдар келтіріледі (Ибрагимов, 1913; Корбанғалиев, 1918).

XX ғасырдың 10-20-жылдарында есімдік пен басқа сөз таптарының айырмашылықтары толық анықталмады. Оған дәлел – кейбір грамматикаларда мұндай (Ногайбек, 1911), аз, куп (Валиди, 1919) деген үстеулердің есімдік ретінде мысалға келтірілуі.

XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап есімдік үстеулердің де орнына жүретін сөздер ретінде анықтала бастады. Есімдік-үстеу XX ғасырдың 10-20-жылдарында да кездеседі, бірақ анықтамаларда есімдіктің үстеу орнына да қолданылатыны айтылмайды, себебі бұл кезеңдегі грамматистердің көбі үстеуді сын есімге жатқызып жүрді.

XX ғасырдың 30-жылдарында есімдіктің дәстүрлі 6 тобы анықталды, -нықы формасы бұл кезеңде туынды сын есімге жатқызылды. Есімдіктерді жіктеуде олардың қай сөз табымен қатыстылығына қарай да бөлу бағыты бар (Грамматикадан эш кітабы, 1931).

Қорыта келгенде, зерттеліп отырған кезеңде татар авторларының есімдікті орыс грамматиктерінің үлгісімен талдауы біртіндеп араб грамматикасының қағидаларымен қарастыруға көше бастайды (дефиниция- классификация- терминология). *XX ғасырдың 10-20-жылдарында орыс және араб грамматистерінің әсері әлсірей бастады.*

*XIX – XX ғасырдың 10-жылдарындағы татар тілінің орыс тіліндегі грамматикаларында* орыс грамматикасының ізімен үстеулерді жеке сөз табына бөліп, түрлі жағдайларды белгілейтін, етістік пен есімдіктердің алдында тұратын сөздер деген анықтама берілді; кейін келе басқа сана мен әрекеттің сапасы мен жағдайын білдіретін сөздер деп нақтыланады (Троянский, 1860). Алғашқы грамматистер үстеудің семантикалық түрлері жүйесін сол «Российская грамматикадан» алды, одан кейін біртіндеп артық топтар алынып тасталды. Мәселен, И.Гиганов үстеудің 17 түрін, XIX ғасырдың II жартысындағы грамматикаларда үстеу түрлері 4-тен 10-ға дейін болады (Махмудов, 1857; Фейзханов, 1862; Грамматика алтайского языка 1869; Насыри, 1860). Бұл кезең ғалымдарында үстеулерді басқа сөз таптарынан ерекшелетін нақты пікірлері болған жоқ. Себебі үстеулерге келтірілген мысалдарда сын есім де, есімдік те, предикатты және модаль сөздер де және т.б. жүр. Бұл мысалдардың көбінің аудармасы орыс үстеулерінің мағынасын береді. Бұл қателіктердің барлығы үстеудің жалпы тіл білімінде жаңа сөз табы болуымен байланысты, себебі зерттеліп отырған кезеңде орыс грамматикасының өзінде үстеу туралы ілім енді ғана қалыптасып келе жатты. XIX ғасырда татар наречиелерін зерттеу мен құрылымын қарастыру басталады. Татар тілінде туынды үстеулердің бар екендігінің А.Казембек айтқан болатын (1839). М. Иванов түбір, туынды және күрделі үстеулер түрін ажыратты, күрделіге 2 компоненті де атауыш мағынаға ие қосарланған үстеулерді де жатқызды (Иванов, 1842). Жекелеген грамматиктер кейбір үстеулерді салыстыру деңгейлерін білдіретін, сонымен қатар үстеулердің заттануын атап өткен (Хальфин, 1809; Иванов, 1842). Түйіндей келгенде, татар тіліндегі үстеулердің негізгі лексикалық және грамматикалық белгілері XIX ғасырдағы грамматикаларда анық болды.

*XIX ғ.–XX ғасырдың 10-жылдарында татар тілінде жазылған грамматикаларда* үстеу ерекше сөз табы ретінде қарастырылмайды, олар сын есім немесе көмекші сөздерге жатқызылды. Дж.Валидидің сын есім мен үстеудің ара қатысы жайлы пікірі ерекше назар аудартады. Ол татар тіліндегі яқшы сөзі заттың да, қимылдың да белгілерін білдіреді дейді (Валиди, 1919).

XX ғасырдың 10-20-жылдарындағы жекелеген грамматикаларда үстеу жеке сөз табы ретінде сөз болады, бірақ әр түрлі терминдермен аталады: зарыф (Иманаев, 1910), житекчелер (Нугайбек, 1911), каид (Кыскачан татар сарыфы, 1913), хел сузе (Корбангалиев, 1918), ревеш (Алпаров, 1926). Көптеген грамматикаларда үстеуге әрекеттің белгісін (немесе сын бейнесін) білдіретін (Нугайбек, 1911) немесе етістіктер мен сын есімдердің белгілерін білдіретін (Иманаев, 1910) сөздер деген анықтамалар берілді. Демек XIX ғасырдағы грамматикалардағыдай үстеудің семантикасына баса назар аударылады. XX ғасырдың басында да үстеудің басқа сөз таптарымен шекарасы анықталмады. Бұл сөз табына көсемше де, инфинитив те, есімдік те, сын есім де және көмекші сөздер де жатқызылды. Үстеулердің өзгермейтіндігін айтты (Нугайбек, 1911). Үстеудің түрлері 2-де 8-ге дейін бөлінді. Бұл классификация негізінен орыс грамматикасының үлгісі бойынша жасалды. Бұл кезеңде үстеудің синтаксистік қызметі де, яғни пысықтауыш қызметін атқаратыны да анықталды (Корбангалиев, Газизов, 1925). XIX ғасырдағы грамматикалардан ерекшелігі туынды үстеулерді сипаттау барысында қосарланған үстеулер тобы бөлінеді (Нугайбек, 1991; Корбангалиев, 1918). XIX ғасырдағы грамматикаларда үстеу жасайтын -ча аффиксіне -дай, -лап; -лата, -ың қосымшалары анықталып қосылды. Тұжыра келгенде, XX ғасырдың 10-20-жылдарындағы грамматикаларда да бұған дейінгі еңбектердегі секілді үстеуді сипаттауда тұрақталған тұжырым болмады. Десек те бұл кезеңде үстеудің жасалу жолдары толық сипатталып, синтаксистік қызметі анықталды. Түйіндей келгенде, үстеу орыс грамматикасының әсерімен жеке сөз табы ретінде бөлініп алынды. Зерттеліп отырған кезең басында үстеудің көмекші сөздерден айырмашылығын тап басып танымады. Осы кезеңнің соңына дейін үстеудің сын есімнен, көсемшеден айырмашылықтары анықталмады. XX ғасырдың 30-жылдарының грамматикаларында үстеу түрлеріне қатысты калькаланған орыс терминдері тұрақты орын алды.

Жүргізілген зерттеулер татар тілі грамматикаларындағы грамматикалық теорияның қалыптасуына грек және латын грамматикаларынан бастау алған араб және орыс грамматикаларының әсері мол болды. Бұл әсерлер татар грамматикасының бастапқы кезеңінде, яғни XIX ғасырдың I жартысында ерекше болды.

*Араб грамматикалық жүйесінің әсері XIX ғ. – XX ғасырдың 10- жылдары татар тілінде жазылған еңбектерде анық байқалады. Араб грамматикасының әсерлері: 1) сөздерді классификациялауда ( үш немесе бес сөз табына бөлу); 2) есімдіктерді талдауда: а) есімдіктерге субъектіні белгілейтін барлық аффикстер жатады (тәуелдік, баяндауыштық аффикстер, етістіктің жақтық аффикстері); б) сілтеу есімдігінен және т.б. басқа есімдіктерден бөлек сипаттау кездеседі); 3) етістік жүйесінің баяндалуы: а) ашық райдың жақтық (уақыттық) формалары ортақ терминге біріктірілмейді; б) жіктеу және жіктеу емес формалар өзара бөлінбейді, ерекше етістік формалары – сыйғалар болып сипатталады; в) негізгі етістік формасы болып есептелетін масдарға (инфинитивке және қимыл атауына) ерекше орын беріліп сипатталады; г) өзгелік және ырықсыз етістердің формалары ғана көрсетіледі; 4) араб терминдерінің жаппай қолданылуы, көбінің татар тіл білімінде тұрақталып қалуы ( исем, сыйфат, фигыль) және т.б.*

*Орыс грамматикасының әсерлері: XIX ғасырда сөздерді сөз таптарына жіктеу қағидалары; 2) жекелеген грамматикалық категориялардың XIX ғасырдың I жартысында сандық және мазмұндық тұрғыда сәйкес келуі: а) септіктер орыс тілінің творительный және предложный септіктерінің ерекше мағыналар беретін формалар ретінде көрсетілді; б) сан есімнің түрлері (есептік, реттік және бөлшектік сан есімдер ғана ерекшеленді); в) есімдік түрлері (ерекше топтарға бөлінгендері: жіктеу есімдігінің тәуелдене септелуі, салыстырмалы сөздерді есімдікке жатқызу; -гы, -даты аффикстері орыс тілінің «который» есімдігінің мағынасын береді); 2) етістер (салт және сабақты етістіктер XX ғасырдың 30-жылдарының ортасына дейін ерекше етістер санатында қаралды); д) райлар (бұл категорияға инфинитивті (тұйық етістік) форма да жатқызылды); 3) XX ғасырдың 20-жылдарына дейін тәуелдік аффикстер есімдіктерге жатқызылды); 4) XX ғасырдың басына*

дейін сын есім жай, салыстырмалы және асырмалы шырай түрлеріне ғана бөлінді; 5) көптеген лингвистикалық терминдер калькаланды (кундеру, бегелу – жіктеу, тешем – септік, ендву килехпе – шақыру септігі (звательный падеж), берлек сан, куплек сан) және т.б. болды.

XIX ғасырдың I жартысындағы ғалымдар басқа тілдердің грамматикалық жүйесіне сүйенсе де татар тілінің көптеген грамматикалық категорияларын лайықты деңгейде сипатта алды. Ғалымдар татар тілінің грамматикалық құрылымының ерекшеліктерін талқылауда орыс тіліндегі құбылыстармен ұқсастықтарын тұжырымдап баяндады. XIX ғасырдағы грамматикаларда-ақ татар тіліндегі дербес сөз таптарының барлық негізгі грамматикалық формалары түгенделді, олардағы кейбір тұжырымдар қазіргі пікірлерден өзгеше болуы да мүмкін. Ғалымдар (М.Махмудов, «Грамматика алтайского языка» еңбегінің авторлары, Г.Фейзханов, А.Максуди, Ш.Иманаев, Г.Ибрагимов, Г.Сагди, Дж.Валиди, Г.Алпаров және т.б.) біршама лингвистикалық мәселелердің шешімі жолында өз жолдарын ұстанды. Өзіне дейінгі грамматикаларға еліктеген де, еріп кеткен де жоқ.

XX ғасырдың 10-20-жылдарында татар тілтанушылары Батыс пен Шығыстың грамматикалық ілімінің әсерінен шығуға, сонымен қатар татар тілінің ерекше грамматикалық құрылысын ескере отырып, ерекше грамматика жасауға талпынуы байқалады. Осы кезеңде грамматикалық ғылымның өзегін құрайтын қазіргі татар лингвистикалық терминологиясының негізі салынды. Бірақ олар негізінен орыс грамматикасынан калькаланды.

XX ғасырдың 30-жылдарында татар лингвистикасының орыс тілінің грамматикалық жүйесіне қайтадан көшу байқалады. XX ғасырдың 20-30-жылдарында орыс тілді елге арналған орыс тіліндегі татар грамматикалары құрастырыла бастайды. Сөз таптары мен грамматикалық категорияларды сипаттау ортақ тұрақты схемамен іске асырыла бастады. Сонымен қатар осы кезеңде грамматиканың жұтандануы басталды. Мәселен, татар тілінің ерте кезеңдергі грамматикаларындағы көптеген грамматикалық формалар кездеспейді. Бұл – көрнекі ғалымдарды, оның ішінде лингвистердің де көзін жойған елдегі жеке басқа табынудың салдары.

Татар лингвисті М.З.Закирова татар грамматикасының терминологиясының туу, қалыптасу және даму тарихы негізінде 5 топқа бөледі. Олар – арабша, арабша-орысша, орысша-арабша, орысша, татарша-интернационалдық терминдер.

Қорыта келгенде, араб және орыс грамматикаларының әсерімен қалыптасқан татар грамматикасы дамудың ұзақ та қиын жолынан өтті. XIX ғ. – XX ғасырдың басындағы татар грамматика ғылымының жетістігі – отандық түркітанудың мақтанышы және даңқы, қазіргі татар тіл білімінің ғылыми-теорияның негіздерін құрады.

Түйіндей келгенде, екі ғасыр ішіндегі татар тілінің грамматикасы орыс және татар тілдерінде араб, орыс және татар грамматикаларының үлгілерімен жазылды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мифтахова И.Г. Развитие грамматической теории в татарском языкознании. Самостоятельные части речи (по татарским грамматикам XIX-начало XX вв.). – АҚД, Казань, 1998.
2. Салахов А.М. Развитие татарской грамматической теории на материале грамматик арабского и татарского языков: II половина XIX – начало XX вв. – АҚД, Казань, 2010.
3. Латыпов Р.И. Джамал Валиди и развитие татарской грамматической науки – АҚД, Казань, 2007.